

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жауапшысы

Қызылорда облысы
Жалағаш ауданы

№104 (9887)
31 желтоқсан,
сенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары!

Енді санаулы сәттерден кейін жаңа 2023 жылға қадам басқалы тұрмыз. Сіздерді тамаша мереке – табалдырымызды аттағалы тұрған жаңы жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Тарих қойнауына енгелі тұрған өткен жыл өліміз үшін, аймағымыз үшін, күрделі жыл болғанымен жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды деп айта аламыз. Үлкен саяси науқан – Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткіздік. Еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты.

Өткен жылдар белесінде еліміздің экономикасы қарыштап дамыды. Халықтың әлауқаты өсілеп өсті. Қазір Қазақстан – әлемдік аренада лайықты орынға ие және әлемде жүріп жатқан үдерістердің толыққанды қатысушысы.

Біздің жеткен жетістіктеріміз, жасалған жарқын істер – Қазақстан халықтарының бірлігі мен жасампаздығының жемісі. Біздің ең басты байлығымыз – бірлік. Біз ежелден ерлікті бағалап, елдікті ардақтаған, байыпты қалпы мен салихалы салтын сақтаған жоралы жұртпыз. Татулық пен тұрақтылық арқылы биік белестерді бағындырдық. Бірысты ынтымағымыз жарасты болса, ұлағатты ұлт ретінде мәңгі жасаймыз.

Біз жаңа жылға ізгі үмітпен, ерекше пейілмен, жақсы ниетпен қадам басамыз. Жаңа жыл – адамзат баласы үшін өткенді зерделеп, алдағы күндерді межелейтін маңызды мереке. Алда ауқымды жоспарларымыз бар. Жұмылған құдырықтай бірлікпен алдағы асулардан да өтеміз.

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтпаған. Жаңа жыл өрбіріңіздің шаңырақтарыңызға шаттық сыйласын. Жаңа жыл еліміздегі барша халықтың сүйікті Отаны, ортақ үйі Қазақ еліне жақсылығы мен игілігі, мол ризық-нәсібін ала келсін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Асқарбек ЕСЖАНОВ,
Жалағаш ауданының әкімі



Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп

Иә, жылдарды үміт жалғайды. Үміт – өмір. Тіршілік те үміттен тұрады. Біздің өткенімізге салауат айтып, келер күннен, келер жылдан үміт күтетіміз сол. Тағы бір жылды қорытындылап, тарих қойнауына шығарып салдық. Барыс жылы еліміз үшін ауыр басталды. Бірақ тәуелсіздігімізге қатер төнген сол сындарлы сәтте Мемлекет басшысы дұрыс шешім қабылдады және халықты бірлікке ұйысуға шақырды. Соның нәтижесінде басты құндылығымызды сақтап қалдық. Осы оқиғадан соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа, әділетті Қазақстан құруға қадам басты. Бұл халықтың санасына үлкен сілкініс жасады. Қазақстанның алдында үлкен мақсат-міндеттер тұр және ол тек Мемлекет басшысының жауапкершілігіне жүктелмеген, барша қазақстандықтар бірлесіп атқаратын міндет. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Ендеше, біз жаңа жылдың есігінен енгенде жаңа Қазақстан кіргендей сезінуіміз үшін, өзіміздің сана-болмысымызды жаңартуға, өзгертуге тиіспіз.

оқуында бой көтерген жаңа емхана пайдалануға берілді.

Салтанатты шараны ашқан аудан басшысы жалағаштықтарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Жалпы қазірде жер шарының тұрғындары жеті миллиардтан асты. Әлемде 256 ұлт бар, 252 ел бар, 195 мемлекет бар. Жерді мекен ететін осынша елдің, мемлекеттің бір ғана ортақ мерекесі бар. Ол – Жаңа жыл мерекесі. Сондықтан бұл мерекенің біз үшін де мән-маңызы ерекше. Өткенімізге шүкіршілік қылып, келешегімізден үміт күтіп отыратын халықпыз. Әр жаңа жылдың қарсаңында арман-мақсаттарымыз ұлғайып, тілектеріміздің жаңарып отыратыны да сондықтан. Бірақ көпшіліктің ең басты тілегі – өлемнің тыныштығы, елдің амандығы, халықтың бірлігі.

Өздеріңіз білесіздер, биылғы Барыс жылының басы қазақ халқы үшін жайсыздау басталды. Әрине қоғам болған соң мұндай оқиғалар болып тұрады. Жылдан-жылға өлем елдері де тынышсыздана бастады. Алайда қаңтар оқиғасынан соң еліміз жаңару жолына түсті. Бұл бағытта Мемлекет басшысы елімізді жарқын келешекке бастайтын жаңа шешімдер қабылдап, жаңа жобалар түзді және оны халыққа жариялады.



ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ — ЕЛ КЕЛЕШЕГІНЕ КЕПІЛ

Алда тағы да саяси науқан күтіп тұр. 2023 жылдың 14 қаңтарында ел тұрғындары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлайды. Халыққа адал қызмет етеміз, елімізді болашағы үшін алтын уақытымызды аямаймын дейтін азаматқа халық сенеді және оларды қашанда қолдайды.

Апта ортасында ауданымызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарына үміткер болып тіркелген азаматтар аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Кездесуге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына үміткерлер – Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов және оның сенімді өкілі Биғали Қаюпов, сонымен бірге «Қазасуар» ШЖК, РМҚК Қызылорда филиалының «Қызылордасуар» мекемесінің басшысы Жорабек Нұрымбетов, Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шөменовтің сенімді өкілі Димаш Кенжаалиев қатысты.

Бұл үміткер үш азаматтың да ел үшін атқарған жұмысы халықтың көз алдында. Аудан қапа басқарған одан бөлек облыстық басқармаларға басшылық жасап, жауапты қызметтер атқарған. Яғни төменнен жоғары қарай бірнеше қызмет сатыларынан сүрінбей өткен білімі де, біліктілігі де, қабілеті де, тәжірибесі де жетік, саяси, рухани тұрғыдан өбден толықсан азаматтар.

Жыныға аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық алқабилер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов, Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан және БАҚ өкілдері қатысты.

Кездесуді аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашты. Аудан басшысы қоғамдастықтың қадамына сәттілік тілеп, қазіргі аудандағы, аймақтағы өліміздегі жағдайларға біршама шолу жасап, атқарылған және атқарылуы тиіс алда тұрған өзекті мәселелерге тоқталды. Одан соң сөз кезегін үміткерлерге берілді.

Мінберге шыққан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына үміткер Асылбек Шөменовтің сенімді өкілі Димаш Кенжаалиев және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына үміткерлер Жорабек Нұрымбетов пен Руслан Рүстемов өз бағдарламаларымен таныстырып, соның негізінде туындайтын міндеттерін тарқатты. Үш үміткер де алдымен халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға, ауылдарды дамытуға, ауыл шаруашылығын нығайтуға, экономиканы арттыруға, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауды күшейтуге, білім, медицина, спорт, мәдениет салаларына деген қамқорлықты еселеуге, бағаны тұрақтандыруға, мемлекеттің жастар мәселесіне кеңіл аударуына, халықты үйімен қамтамасыз етуге, аймақта қажетті өндіріс орындарының салынуына және аяқ су мәселесін реттеуге мейлінше күш салып, оң шешілуіне, орындалуына атсалысатынын жеткізді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарына үміткер Руслан Рүстемовтің сенімді өкілі Биғали Қаюпов үміткерлердің барлығының да облысқа таңымал білікті азаматтар екеніне тоқталып, елдің бірлігіне, ел азаматтарының халыққа жасап жатқан қызметтеріне көңілі толатынын жеткізді. Кездесуді Асқарбек Темірбекулы қорытындылап, алдағы саяси доғарға кіргелі тұрған үміткерлерге сәттілік тіледі.

Қуат АХЕТОВ

Кеше Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Асқарбек Есжановтың қатысуымен жыл қорытындысының салтанатты шарасы өтті. Шарара алдымен экран арқылы ауданымыздағы жыл бойы атқарылған жоспарлы жұмыстар мен жүзеге асырылған жобалар және соның нәтижелі жетістіктері көрсетілді.

Атап айтсақ, ауданымызда ауылдарды дамыту жұмыстары қолға алынды. Ауылдардың инфрақұрылымы дамып, өндіріс орындары ашылды. Сонымен бірге көркейт-көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Соның ішінде ауылдардың ішкі көшелері асфальтталып және орташа жөндеуден өткізілгені, электр жарықтары орнатылғанын айрықша атап өтуге тиіспіз. Атқарылған жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, әлеуметтік міндеттемелерді

уақытылы орындауға, шағын және орта кәсіпкерлікті жандандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, аудан экономикасын өртарпатандыруға бағытталды. Биыл егін науқаны диқандар үшін де, халық үшін де жемісті болды. Шаруашылықтар жаздай күтіп, баптаған дәнін ысырап қылмай қамбасына жинап алды. Сонымен бірге ауданда кәсіпкерлік саласы да қарқынды дамып келеді. Сауда орталықтары және басқа да кәсіпкерлік нысандардың қатары көбеюде. Мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауының нәтижесінде жасалып жатқан бұл игіліктердің барлығы халыққа қызмет көрсетіп, жұмыссыздық көрсеткішін төмендететіні сөзсіз. Биыл «Балалар жылы» болып бекітілді. Атаулы жылға байланысты республика бойынша түрлі шаралар өтіп, игі істер жасалды. Мұндай жұмыстар ауданымызда да атқарылды. Кент орталығынан ойын алаңдары мен

тренажер және стритбол алаңы салынды. Бұл – «Бар жақсылық – балаларға» деген ұранды істің жаңғырығы. Бүгінде халықтың басты мәселесі – тұрғын үй. Осы мақсатта тұрғындарды инженерлік инфрақұрылымы дайын жер телімінен қамтамасыз ету үшін «Ақтөрек» учаскесінде 170 гектар аумаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері жүргізілуде. Таяу жылда Жалағаш кентінің батысы «Ақтөрек» тынығу лагеріне дейінгі аймақ жасыл желекке оранады. Ауданда құрылыс саласының бойына да қан жүгірді. Кенттегі көпөлпелі тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өтті. Сонымен бірге кент пен ауылдық округтердегі 16 көшеге күрделі жөндеу жүргізілсе, 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жасалды. Аудан орталығынан жаңа заманға лайық құрылыс жобасымен салынған 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі және Таң ауылдық

Қайраткер құрмет төрінде

Жыл соңында ауданымызға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы іс-сапармен келді. Аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өткен басқосуға аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева және мәслихат депутаттары, аудандық алқабилер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сүлейменов, Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан қатысты.



Кездесуде аудан әкімі Асқарбек Есжанов Мұрат Бақтиярұлының қызмет жолына тоқталып, елге өткен еңбегін дәріптеді. Өз кезегінде бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған қазақ халқының, Сыр елінің игілігі үшін толайым істер атқарған қоғам қайраткері тереңнен толғап, ел болашағының тағдыршешті мәселелеріне тоқталды.

Еліміздің беделді оқу орындарының бірі С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін, сонымен бірге Мәскеу бизнес және ақпараттық технологиялар халықаралық университетінің қаржы және несиес факультетін, сондай-ақ қазақ

мемлекеттік заң академиясын бітірген Мұрат Бақтиярұлының өмірі мен қызметі мемлекеттік-саяси қызметте жүрген, елге еңбек етемін деген азаматтарға үлгі, өнеге. Расында өзінің еңбек жолын қатардағы мұғалімдіктен бастап, мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді, кеудесіне жиған білімі мен өмірлік тәжірибесін мемлекеттің дамуы жолына жұмсады. Елге адал қызмет етіп, халықтың қалауына айналуды көп азаматтың пәшәкені жазыла бермейтінін ескерсек, бұл орайда Мұрат Бақтиярұлының жұлдызы жоғары.

Ұлттық құндылықтарымыздың бағасын арттырып, тынбай насихаттап жүретін қайраткердің өзінің депутаттық мерзімінде биік мінберден талай-талай аса маңызды сауалдармен шыққанын және оң шешілуіне ықпал жасағанын ел біледі. Өсіресе сенатордың Қазақстандағы «үштілділікке» қарсы жаны шырықтап дабыл көтеруі ерлікпен тең.

Әр адамның мойнында перзенттік парызы болады және ол ерте ме, кеш пе орындалғаны дұрыс. Мен үшін ең үлкен абырой мен марапат – халықтың берген алғысы мен бағасы, менің өмірімдегі ең маңызды, қымбат сәттерім – халыққа қызмет еткен кезеңдерім, мен үшін ең үлкен

Қ.АХЕТОВ

